



№3(3) 6 желтоқсан 2014 жыл, сенбі

Нұрлы жол- болашаққа бастар жол!



Мен өзімнің тәжірибемнен алдын ала сезіп отырғанымдай, таяудағы жылдар жаһандық сынақтардың уақыты болады. Әлемнің бүкіл архитектурасы өзгереді. Барлық елдер осы күрделі кезеңнен лайықты өте алмайды. Ақпан айында Ұлттық қордан экономикалық өсім мен жұмыспен қамтуды қолдау үшін 2014-2015 жылдарға 500 миллиард теңгеден екі транш бойынша 1 триллион теңге бөлу туралы шешім қабылданған болатын.

- I. Шағын және орта бизнесті, сондай-ақ, ірі кәсіпкерлікті жеңілдікпен несиелеу.
- II. Банк секторын сауықтыру және «жаман» несиелерді сатып алу үшін 2015 жылы Проблемалы несиелер қорын қосымша 250 миллиард теңге көлемінде капиталдандыруды қамтамасыз етуді тапсырамын.
- III. Жаңа инвестициялар тарту үшін тиісті жағдайларды жақсарту қажет.
- IV. ЭКСПО-2017 кешені құрылысын жалғастыруды несиелеу үшін 2015 жылы қосымша 40 миллиард теңге бөлуді тапсырамын.
- V. ЭКСПО-2017 қарсаңында бізге Астананың көліктік инфрақұрылымын дамыту.

Аймақтардың өзара байланысын жақсарту елдің ішкі әлеуетін арттырады. Облыстардың бір-бірімен сауда-саттығын, экономикалық байланыстарын нығайтады. Ел ішінен тың нарықтар ашады. Осылай, алысты жақын ету – бүгінгі Жолдаудың ең басты түйіні болмақ.

1. Көліктік-логистикалық инфрақұрылымдарды дамыту.
2. Индустриялық инфрақұрылымдарды дамыту.
3. Энергетикалық инфрақұрылымдарды дамыту.
4. ТКШ мен су және жылумен қамтамасыз ету желілері инфрақұрылымдарын жаңғырту.
5. Тұрғын үй инфрақұрылымдарын нығайту.
6. Әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту.
7. Шағын және орта бизнес пен іскерлік белсенділікті қолдау бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Бүгінде Ұлттық қордан ШОБ-ты қолдауға және несиелеуге бағытталған 100 миллиард теңге толықтай игерілді. Бұл 4,5 мың жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Бұл қаржыға сұраныс ұсыныстан 23 миллиард теңгеге асып түсті. Бизнесті 10 жылға бар-жоғы 6 пайызбен несиелеудің бұрын-соңды болмаған шарты жасалды.

Бүгінде табысты жұмыс істеу үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Әкімшілік реформа жүргізілді, Үкімет пен атқарушы биліктің жаңа құрылымы жұмыс істеуде.

«Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясат біздің экономикамыздың таяу жылдардағы өсімінің драйвері болады. Тек жол құрылысы арқылы ғана жаңадан 200 мың жұмыс орны құрылады. Ал бұл халықтың жұмыспен қамтылуын және табыстарының өсуін білдіреді. Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы.



Бүгінгі нөмірде:

- ✓ **ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Нұрлы жол- болашаққа бастар жол»**
- ✓ **Колледжде өткізілген ашық сабақтар**
- ✓ **Конференция және байқауларға қатысу**
- ✓ **Облыс дәрігерлерінің аттестациясы**
- ✓ **Колледждегі тәрбие жұмысы**

15.11.-22.11.2014ж.



1-2 курс білімгерлерінің ата-аналарымен жиналыс өткізілді. Жиналысқа колледж әкімшілігі, топ кураторлары, 2-ПБ аға инспекторы, полиция майоры Д.А. Кинжиханова қатысып, ата-аналарды колледждің ішкі тәртіп ережесімен, міндеттерімен, құқықтарымен таныстырылды.

16 қараша-дүниежүзілік толеранттылық күні қарсаңында Қазақстан халқы ассамблеясы мүшелерімен «Тәуелсіз Қазақстан- достықтың мекені» атты кездесу өткізілді. Кездесу қонақтары: Достық үйінің байланыс менеджері Б.Ж.Нуралиева, «Вынхуа» дүнген мәдени орталығының мүшесі И.М.Юанысов, балқарлардың «Қарашай – Бірлік» Жамбыл филиалының директоры Л.А.Узденова, «Полонез» Жамбыл облыстық поляк мәдени тілдер орталығының мүшесі Л.В.Калькова, Жамбыл облыстық тәжіктер этномәдениетінің президенті А.Ш.Мулладжанов, Қазақстан халықтары ассамблеясы секретариатының бас маманы У.К.Бабакулова



18.11.2014ж.



Халықаралық студенттер күніне орай «Гауһартас» мейрамханасында студенттерді марапаттауға арналған салтанатты кеш өткізілді. Кеште 311 топ білімгері А.Алтынханов «Нұр Отан» партиясының алғыс хатымен, 304 топ білімгері А.Аязбеков облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталды.



29.11.2014 ж.



ҚР Тұңғыш Президент күніне орай Білімгерлер кәсіподақ ұйымының төрайымы Абдрахманова Н.Р., Жастар ісі комитетінің төрайымы Уркимбаева Д.Б. және колледждің белсенді білімгерлерінің ұйымдастыруымен «Бір Отан! Бір тағдыр! Бір Елбасы!» атты концерттік бағдарлама білімгерлерге көрсетілді.

26.11.2014ж.

Облыс әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен колледжде "Жамбыл облысындағы ономастикалық ахуал" атты облыстық конференция өткізіліп, облыс әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының басшысы Ү.С.Сапақова колледж директоры С.Қ.Қоңырованы жастар тәрбиесіндегі ерен еңбегі үшін "Алғыс хатпен" марапаттады. Конференцияда М.Х.Дулати атындағы ТарМУ, ТИГУ білімгерлері баяндамаларын оқып, өз ойларымен бөлісті.



28.11.2014ж.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша кешкі бөлімнің 24 топ білімгерлерімен Б.Т.Ержанов "ВИЧ/СПИД - чума ХХІ века" атты ашық тәрбие сағатын өткізді.

26.11.2014ж.

"Бүгінгі білімгер-ертеңгі бәсекеге қабілетті маман иесі" атты ашық тәрбие сағатын 204 тобында Г.Е.Қалтаева өткізді. Колледж түлектері: дәрігер-педиатр Е.А.Шералиев, аға медбикелер А.А.Арғынбаева, Г.А.Халматова қатысты.

19.11.-26.11.2014ж. аралығында "Щучинск" санаторийіне кәсіподақ ұйымының жолдамасымен Бердикулова Т. 407 топ, Бекалтаев Д. 302 топ білімгерлері барып қайтты.



Біздің мекен-жайымыз: Тараз қаласы, Жамбыл медициналық колледжі Ниетқалиев к. 20, 2 қабат әдістемелік кабинет.



17.11.-22.11.2014ж


№1 Әлеуметтік-экономикалық жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері циклдык –әдістемелік комиссиясы оқытушылары ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты Жолдауын Жамбыл медициналық колледж оқытушылары мен білімгерлеріне насихаттау және талқылау жұмыстарын жүргізді.



Колледжде өткізілген ашық сабақтар

13.11.2014 ж.


Қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы Тасыбаева А.Ж. «Мейірбике ісі» бөлімі 110 топта ашық сабақ өткізді. Тақырыбы : Ақан Қорамсаұлы. «Жайықтың ақ түлкісі», «Ақ көйлек», «Асыл мен жасық», «Жақсы мен жаман», «Құлагер», «Маңмаңгер», «Сырымбет», «Балқадіша».



Сабақтың мақсаты: Ақан Қорамсаұлының өмірі және шығармашылығымен таныстыру. Сабақта интерактивті тақтаны, СТО технологиясының әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану және топпен жұмыс

26.11.2014ж.

Биология пәнінің оқытушысы А.Т.Көбегенова «Г.Мендельдің заңдары» тақырыбында 103 топ «Емдеу ісі» бөлімінде ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: Г.Мендельдің заңдары туралы толық мағлұмат беру, моногибридті, дигибридті, полигибридті шағылыстыруды үйрету және механизмін түсіндіру. Сабақта интерактивті тақтаны тиімді қолдану.



Сабақ жақсы деңгейде өтті. қабылданды.

Құттықтаймыз!

28.11.2014ж.



Қостанай медициналық колледжінде өткізілген «ҚР медициналық колледжі кәсіби ағылшын тілінің үздік оқытушысы-2014» Республикалық байқауға белсене қатысқаны үшін Баяхмет Дариға Баяхметовна Мадақтамамен марапатталды.


19.11.2014ж. Химия пәнінің оқытушысы Г.Е.Қалтаева, қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы З.И.Абдалимова, информатика пәнінің оқытушысы Қ.О.Чинаилова «Болашақ» колледжінде өткізілген «Қазіргі білім беру жүйесінде педагогтың кәсіби біліктілігінің дамуы» атты қалалық конференциясында мазмұнды баяндама жасап, «Алғыс хатпен» марапатталды.



Облыс дәрігерлерінің аттестациясы

18.11.- 25.11.2014ж.

Жамбыл медициналық колледжі базасында Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің облыстық департаменті жетекшілігімен денсаулық сақтау кадрларын үздіксіз кәсіптік дамыту мақсатында клиникалық тәжірибені жүзеге асыратын дәрігерлердің практикалық дағды мен білімдерін бағалау өткізілді. Жоғары, бірінші, екінші санатқа үміткерлердің анафилактикалық шок кезінде, жіті коронарлық синдром кезінде, жүрек қызметі тоқтаған кезде және тыныс алу жолдары бұзылғанда шұғыл медициналық көмек көрсету дағдылары бағаланды.



Облыс бойынша 97 дәрігер практикалық дағдыны бағалау кезеңінен өтті. Бағалау колледждің симуляциялық орталығында симуляциялық жабдықтарды қолданумен және «стандартталған пациенттің» қатысуымен өтті.

Колледждегі тәрбие жұмысы

13.11.2014ж.

Жаңа қабылданған 1-2 курс арасында өнерлі білімгерлерді анықтау және жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру мақсатында «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Елбасы күніне, Б.Момышұлының 105 жылдығына, Тәуелсіздік күніне арналған «Шабыт» байқауы ұйымдастырылды.



«Мәнерлеп оқу» номинациясы бойынша Бас жүлдені 228 топ білімгері Қашқынбай Айнұр, 107 топ білімгері Қорғанбаев Нұрқанат, «Вокал» номинациясы бойынша 116 топ білімгері Орынбасар Аяжан, 101 топ білімгері Еркінәлі Гүлзира, «Аспапта ойнау» номинациясы бойынша 220 топ білімгері Сейдалиева Гүлназ, 115 топ білімгері Балтабаева Диана, «Хореография» номинациясы бойынша 113 топ білімгері Мырзабекова Ақерке, 220 топ білімгері Капыбек Линара иеленді

14.11.2014ж.

«Сіз заңды білесіз бе?» тақырыбында Тараз қаласы прокурорының аға көмекшісі С.С.Сейтжан, ҚІБ инспекторы, аға лейтенант Н.Әшекеев, 1-ПБ ювиналды полиция инспекторы, полиция майоры Д.А.Кинжихановамен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында кездесу өткізілді.



15.11.2014 ж.



Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжінің базасында «16 қараша-дүниежүзілік толеранттылық күніне» орай «Қазақстан – достық мекені» атты облыстық Достық фестивалінде Жамбыл медициналық колледж білімгерлері корей халқын